

Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеуді жүзеге асыру, деректерді түзету, түгендеу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидаларын (жергілікті атқарушы органдар үшін) бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 262 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 шілдеде № 23640 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 204-бабы 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеуді жүзеге асыру, деректерді түзету, түгендеу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидалары (жергілікті атқарушы органдар үшін) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің м.а.*

С. Брекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеуді жүзеге асыру, деректерді түзету, түгендеу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидалары (жергілікті атқарушы органдар үшін).

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеуді жүзеге асыру, деректерді түзету, түгендеу және түзету нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау қағидалары (жергілікті атқарушы органдар үшін) (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 204-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және стационарлық көздерге және атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларына түгендеу жүргізудің, оның деректерін түзетудің, деректерді құжаттаудың және сақтаудың өткізу тәртібін айқындайды.

Начало формы

Конец формы

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) шаңгазтазарту жабдықтары – атмосфералық ауаның ластауын жою мақсатында шығарындылардан немесе ластаушы заттарды желдеткіш ауасынан аулап алу үшін арналған қосалқы жабдықтарды және коммуникацияларды ластаушы заттарды тазарту бойынша бір немесе бірнеше аппараттан тұратын құрылысжай.

2) шығарындының стационарлық көзі – бөлшектемей орнын ауыстыруға болмайтын және тұрақты орналасқан жері бірыңғай мемлекеттік координаттар жүйесін қолдана отырып айқындалуы мүмкін немесе көлік құралы немесе өзге жылжымалы құрал арқылы орнын ауыстыруға болатын, бірақ пайдаланылу процесінде жер бетіне қатысты қозғалмайтын (стационарлық) жағдайды талап ететін шығарынды көзі танылады.

3. Кодекстің 205-бабының 1-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары халқы он мың адамнан асатын елді мекендерде атмосфералық ауа ластануының жиынтық есеп-қисаптарын жүргізуді және олардың негізінде елді мекеннің шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томын жасауды қамтамасыз етеді.

4. Шығарындыларға түгендеу жүргізу кезінде барлық стационарлық көздер анықталады және есепке алынады, олардың сипаттамалары белгіленеді, сондай-ақ шығарындылардың барлық стационарлық көздерінен шығарындылардың сандық және сапалық көрсеткіштері айқындалады, алынған нәтижелер жүйеленеді және құжатталады.

5. Шығарындылардың стационарлық көздерін түгендеу мынадай бастапқы деректер негізінде жүзеге асырылады:

- 1) берілген кешенді экологиялық рұқсаттар;
- 2) әсер етуге берілген экологиялық рұқсаттар;
- 3) қоршаған ортаға әсер ету туралы ұсынылған декларациялар;
- 4) IV санаттағы объектілер бойынша статистикалық ақпарат;
- 5) мемлекеттік экологиялық мониторингтің деректері;
- 6) мемлекеттік экологиялық бақылаудың нәтижелері.

2-тарау. Елді мекен шығарындыларына түгендеу жүргізу кезіндегі жұмыс тәртібі

6. Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларын түгендеу елді мекен аумағында шығарындылар көздерін бөлу, шығарындылардың саны мен құрамы туралы мәліметтерді жүйелеу болып табылады.

Шығарындыларды түгендеудің дұрыстығы мен толықтығын тексеруді жергілікті атқарушы органдар, әдетте, елді мекен аумағында орналасқан кәсіпорындарда мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелерін талдау кезінде жүзеге асырады.

Шығарындыларды түгендеу қаралып отырған аумақта стационарлық көздерді бөлу туралы мәліметтерді жүйелеу болып табылады және елді мекеннің шекті рұқсат етілген шығарындыларының жиынтық томын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

7. Шығарындыларды түгендеу жүргізу кезінде:

1) тұрғын үй құрылысы мен аумақтарды, оның ішінде ландшафттық-рекреациялық аймақтарды, демалыс аймақтарын, курорттар, санаторийлер мен демалыс үйлері аумақтарын, стационарлық емдеу-алдын алу мекемелерін пайдаланудың ерекше жағдайлары бар аймақтарды көрсете отырып, елді мекеннің қысқаша сипаттамасы беріледі (мысалы, климаттық сипаттамалар); санитариялық-қорғаныш аймағының көлемі мен шекаралары;

2) кәсіпорынның қызмет түрі (өндіріс технологиясы), өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері анықталады және талданады;

3) ластаушы заттардың түзілу және бөліну көздері болып табылатын құрылыстар, техникалық құрылғылар, жабдықтар, технологиялық немесе өзге де процестер анықталады және барлық стационарлық көздер айқындалады;

4) объектіде стационарлық көздердің кеңістікте орналасуы туралы мәліметтер жүйеленеді;

5) стационарлық көздердің типтері (ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған), түрлері (нүктелі, желілік, алаңдық), атауы (құбыр, вентшахта, аэрациялық фонарь,

дефлектор, шырақ) және геометриялық сипаттамалары (ұзындығы, ені, биіктігі, сағасы болған жағдайда көз сағасының түрі мен өлшемдері көрсетіледі);

б) стационарлық ластану көздерінің координаттары анықталады;

7) шығарындылар көрсеткіштері айқындалады, оның ішінде атмосфералық ауаға түзілуі, бөлінуі және түсуі мүмкін барлық ластаушы заттарды (ластаушы заттар тізбесі және олардың шоғырлануы) ескере отырып, шығарындылардың сапалық және сандық құрамы белгіленеді, сондай-ақ шығатын газдардың көрсеткіштері (жылдамдық, температура, көлемдік шығысы) айқындалады; шаң тазарту қондырғыларының саны, сипаттамасы және тиімділігі туралы мәліметтер;

8) шығарындыларды түгендеу нәтижелері құжатталады.

Шығарындыларды түгендеу кезінде айқындалатын негізгі көрсеткіштерге шығарындылардың секундына граммдағы ең жоғары бір реттік мәндері және жылына тоннадағы жиынтық жылдық (жалпы) шығарындылардың мәндері жатады.

Ластаушы заттар шығарындыларының стационарлық көздерін кеңістікте орналастыру туралы мәліметтерді жүйелеу стационарлық көздердің координаталарын анықтау, реттік нөмірлерін анықтау және елді мекен кәсіпорындарының карта-схемаларын талдау арқылы жүзеге асырылады. Шығарындылардың қолданыстағы стационарлық көздерін көрсете отырып, елді мекеннің ситуациялық жоспары қалыптастырылады. Сондай-ақ, карта-схеманың координаттар жүйесін жиынтық есептеулер жүргізілетін координаттар жүйесіне байланыстыру параметрлері белгіленеді. Шығарындыларды келесі түгендеу кезінде қабылданған нөмірлеуді өзгертуге болмайды.

3-тарау. Шығарындыларды түгендеу нәтижесінде алынған деректерді құжаттау және сақтау

8. Шығарындыларды түгендеу нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдар түгендеу деректерін қамтитын жиынтық деректер жасайды. Шығарындыларды түгендеу жөніндегі жиынтық деректер құрылымының үлгісі осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

9. Ластаушы заттар шығарындыларының стационарлық көздері туралы деректерді құжаттаудың үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген. Деректерді құжаттау үшін ақпарат көздері: берілген кешенді экологиялық рұқсаттар, әсер етуге берілген экологиялық рұқсаттар, қоршаған ортаға әсер ету туралы декларациялар, мемлекеттік экологиялық бақылау нәтижелері болып табылады. Бұл ретте, көрсетілген кестенің үлгісінде шығарындылар көзінің мөлшері мен координаттары, сондай-ақ шығарындылар көрсеткіштері көрсетілетін бағандардың саны мен нөмірленуі шартты түрде берілген, нақты стационарлық көзден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсу ерекшеліктеріне байланысты.

10. Шығарындылар көзінің биіктігі метрдің оннан біріне дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Егер шығарындылар көздері жер бетінен 2 метрге төмен орналасқан болса,

мұндай биіктік 2 метрге тең болып қабылданады, ластану көздері жер бетінің деңгейінен төмен орналасқан жағдайларда (мысалы, карьерлерде, көмір тіліктерінде) шығарындылар көзі биіктігі 2 метр тең ұйымдастырылмаған алаң ретінде қарастырылады. Егер ластану көздері жер бетінің деңгейінен төмен орналасқан болса, бірақ осы объект (мысалы, шахта) жер бетінің үстінен шығарындылары бар желдету жүйесімен жабдықталған болса, онда мұндай шығарындылар көзі жер бетінен (кұбырдан, вентшахтадан немесе ұқсас құрылыстан) шығарындының нақты биіктігіне тең биіктікте ұйымдастырылған ретінде қаралады.

Дөңгелек сағасы бар нүктелі стационарлық көз диаметрінің мәндері, тік бұрышты сағасы бар ұзындық және ені мәндері метрдің жүзден біріне дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Стационарлық көздер координаттарының мәндері метрге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Дөңгелек сағасы бар нүктелі көздер үшін сағаның ұзындығы мен ені туралы деректер талап етілмейді, дара нүктелі көздер үшін бір жұп координаттар келтіріледі және ауданды көздер ретінде енін көрсету талап етілмейді. Шығарындылардың сызықтық көздері үшін көз ұштарының координаттары келтіріледі; алаңдық көздер үшін, әдетте, көзді шектейтін тіктөртбұрыштың жақтары орталарының координаттары.

Шығарындылардың алаңдық көзінің ені метрге дейінгі дәлдікпен көрсетіледі. Егер алаңдық көздің беті көлденең болмаса (мысалы, терезе және есік ойықтары), көзді шектейтін тікбұрыштың көлденең жағының ұзындығын көрсету керек.

Ұйымдастырылмаған көздер үшін ауыздың мөлшері туралы деректер, сондай-ақ газ-ауа қоспасының Шығу жылдамдығы, шығысы және температурасы туралы деректер талап етілмейді. Газ-ауа қоспасының шығу жылдамдығының, шығысының және температурасының мәндері орташа концентрация анықталатын кезеңге сәйкес келетін уақыт кезеңі үшін орташаландырылған болып келтіріледі.

Газды тазарту қондырғылары және оларды пайдалану шарттары туралы деректер Үлгі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген кестеге енгізіледі. Деректерді құжаттау үшін ақпарат көздері: берілген кешенді экологиялық рұқсаттар, әсер етуге берілген экологиялық рұқсаттар, қоршаған ортаға әсер ету туралы берілген декларациялар, IV санаттағы объектілер бойынша статистикалық ақпарат, мемлекеттік экологиялық мониторинг деректері болып табылады.

Бұл ретте көрсетілген кестеге технологиялық жабдықтың ажырамас бөлігі болып табылатын және (немесе) ластаушы заттардың шығарындыларын тікелей атмосфералық ауаға жүзеге асырмайтын газды тазарту қондырғылары мен құрылғылары туралы деректер енгізілмейді.

11. Жалпы елді мекенде ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары, оларды тазарту және кәдеге жарату туралы деректерді Құжаттаудың үлгісі осы Қағидаларға 4-қосымшада келтірілген. Деректерді құжаттау үшін ақпарат көздері: stat.gov.kz —

Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсы, мемлекеттік экологиялық ақпарат қоры.

12. Барлық елді мекеннен ластаушы заттардың (т/жыл) жылдық шығарындылары ластанудың барлық стационарлық көздерінен осы ластаушы заттардың жылдық шығарындыларының сомасы ретінде есептеледі.

Шығарындыларды түгендеу нәтижелерін құжаттау кезінде ластаушы заттардың ең жоғары бір реттік (г/с) және жалпы (т/г) шығарындыларының мәндерін үтірден кейін үш маңызды санмен көрсетуге жол беріледі.

4-тарау. Шығарындыларды түгендеу деректерін түзету және сақтау

13. Он мың адамнан астам елді мекен шығарындыларын түгендеу деректерін түзету шығарындылар көрсеткіштері мен шығарындыларды түгендеу деректерінің арасында сәйкессіздік анықталған жағдайда жүзеге асырылады, егер елді мекен шығарындыларының нақты көрсеткіштері осы елді мекен үшін белгіленген атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларының нормативтеріне сәйкес келетін жиынтық жылдық (жалпы) көрсеткіштерден 10% - дан асатын болса, шығарындыларды түгендеуді түзету міндетті.

14. Шығарындыларды түгендеу деректерін түзету көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей жүргізіледі. Мұндай түзетуді жүргізу мерзімдері айқындалады және оны жүргізуге жауапты лауазымды адам тағайындалады.

15. Елді мекеннің стационарлық көздерін түгендеу кемінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

Шығарындыларды түгендеу деректерін түзету үшін қажетті мәліметтер шығарындыларды түгендеу нәтижелері туралы жиынтық деректерге енгізіледі.

Шығарындыларды түгендеу туралы жиынтық деректердің титулдық бетінде түзету жүргізілген күн көрсетіледі, "Кіріспе" бөлімі түзетудің себептері мен құрамы туралы түсіндірмелермен толықтырылады.

Шығарындыларды түгендеу, оны түзету нәтижелері туралы деректерді жергілікті атқарушы орган қағаз және электрондық түрде сақтайды және тұрақты сақтауға жатады

Жергілікті атқарушы орган сақтау орнын (сақтау орнын, мұрағатты) айқындайды, сондай-ақ шығарындыларды түгендеу деректерін сақтауға жауапты лауазымды адамды тағайындайды.

Стационарлық шығарындылар
көздерін түгендеуді жүзеге
асыру, деректерді түзету,
түгендеу және түзету
нәтижесінде алынған деректерді
құжаттау және сақтау
қағидаларына
1-қосымша

Елді мекеннің стационарлық көздерін түгендеу туралы жиынтық деректердің құрылымы

1. Титул парағы;
2. Кіріспе;
3. Елді мекен туралы мәлімет, жергілікті жердің сипаттамасы;
4. Кәсіпорындар тізбесі және олардың қысқаша сипаттамасы;
5. Елді мекеннің стационарлық көздерінің тізбесі және олардың орналасу карта-схемасы;
6. Тазалау тиімділігін көрсете отырып, шаң тазарту қондырғылары туралы мәліметтер;
7. Осы Қағидаларға 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша толтырылған кестелер.

Шығарындылардың
стационарлық көздерін
түгендеуді жүзеге асыру,
деректерді түзету, түгендеу және
түзету нәтижесінде алынған
деректерді құжаттау және сақтау
қағидаларына
2-қосымша

Ластаушы заттар шығарындыларының көздері туралы деректерді құжаттау

Цех	Жылына жұмыс сағаттарының саны	Ластаушы заттар шығарындысының стационарлық көзінің атауы	Шығару көздерінің саны	Шығару көздерінің нөмірлері	Шығару көздерінің биіктігі, м	Құбыр сағасының диаметрі, м	Газ-ауа қоспасының параметрлері шығару көздерінен шығу кезінде		
							Жылдамдығы, м/с	1 құбырға арналған көлем, м ³ /с	температура, оС
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Кәсіпорынның атауы									
2. Кәсіпорынның атауы									
N. Кәсіпорынның атауы									

Кестенің жалғасы

--	--	--	--

Карта-схемадағы атмосфералық ауаға ластану көзінің координаттары, м				Ластаушы заттың коды	Ластаушы заттың атауы	Ластаушы заттардың шығарындылары		
Нүкте көзі / 1-ші жолдың соңы / аудан көзінің орталығы		2-ші жолдың соңы / аудан көзінің ұзындығы, ені				г/с	мг/м3	т/год
X1	Y1	X2	Y2			17	18	19
11	12	13	14	15	16	17	18	19
1. Кәсіпорынның атауы								
2. Кәсіпорынның атауы								
N. Кәсіпорынның атауы								

Шығарындылардың
стационарлық көздерін
түгендеуді жүзеге асыру,
деректерді түзету, түгендеу және
түзету нәтижесінде алынған
деректерді құжаттау және сақтау
қағидаларына
3-қосымша

Елді мекен кәсіпорындарындағы шаңгазтазартқыш қондырғылары туралы деректер

Бөліну көзінің нөмірі	Шаңгазтазартқыш қондырғыларының атауы мен типі	Аппараттардың пайдалы әрекет коэффициенті (ПӘК), %		Тазарту жүргізілетін ластаушы заттың коды 1
		жобалық	нақтылы	
1	2	3	4	5
1. Кәсіпорынның атауы				
2. Кәсіпорынның атауы				
3. Кәсіпорынның атауы				

Ескертпе 1 - санитарлық-эпидемиялық қолайлылығын қамтамасыз ететін саласындағы өкілетті органмен бекітілген гигиеналық нормативтерге сәйкес зиянды (ластаушы) заттың коды көрсетіледі.

Шығарындылардың
стационарлық көздерін
түгендеуді жүзеге асыру,
деректерді түзету, түгендеу және
түзету нәтижесінде алынған
деректерді құжаттау және сақтау
қағидаларына
4-қосымша

Елді мекен бойынша ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары

Ластаушы заттың коды	Ластаушы заттың атауы	Ластану көздерінен шығатын ластаушы заттардың саны	Оның ішінде		Тазартуға түскендердің ішінен			Барлығы атмосфераға шығарылды
			тазалаусыз лақтырылады	тазалауға түседі	атмосфераға лақтырылды	ұсталған және залалсыздандырылған	оның ішінде кәдеге жаратылды	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы:								
	оның ішінде:							
к а т т ы								
	оның ішінде:							
газ тәрізді және сұйық								